

ТАЛДЫКУДЫҚ СЕЛОЛЫҚ
СОВЕТИТАЛДЫКУДУКСКИЙ СЕЛЬСКИЙ
СОВЕТТалдықудук с/с.
Фурмановский р-н
Уральская обл.

№ _____

"_____ " _____ 197__ г.

ИСТОРИЧЕСКАЯ СПРАВКА

Исполком Талдықудукского сельского совета депутатов трудящихся перенайменован 10-июня 1968 года /на базе Тасхуторского сельсовета/ обслуживает Талдықудукский овцесовхоз и его организации, учреждения, население сельского совета.

Ранее обработанные материалы документы хранятся в шкафе сельсовета.

В настоящем с 1964 по 1974 годы обработанные документы тоже хранятся в конторе сельсовета.

Справками подтверждаем недостающие делов неоткрыта и не найдены из-за текучества кадров сельсовета.

Председатель
Исполкома сельского
совета депутатов
трудящихся:



/К.Ихсанов./

6

Жалпакталский филиал
государственного архива
Западно-Казакстанской области
с. Жалпактал.

Исполнительный комитет
Талдыкудукского сельского Совета
народных депутатов аул. Талдыкудку.

П р е д и с л о в и я
06.10.94.

Исполнительный комитет Талдыкудукского сельского Совета депутатов грудящихся с 1977 года исполнительный комитет народных депутатов Фурмановского с 1993 года Жалпакталского района, Западно-Казакстанской области образовано на основании указа Президиума Верховного Совета Казахской ССР от 13-го мая 1968 года за № 890-07. и ик согласно решению районного Совета депутатов грудящихся от 20-го мая 1968 года за № 109 на базе бывшего Тасхугурского сельского Совета депутатов грудящихся с административно-территориальному обслуживанием Талдыкудукского овце совхоза.

Решением первой сессии одиннадцатого созыва сельского Совета председателем Совета утвержден-Сарсенов Доскәли, секретарем-Гумаров изтелеу, членами исполкома избраны-Жангелиев Губайдолла, Сейтов Сейпелмалик, Кузнов Сәбиг и Есегов Сулеш.

При сельском Совете образовались пять постоянных комиссии в ниже следующем составе: первый-по вопросам сельского хозяйства председателем избран-Тәжибәев К. во второй-по вопросам сельского бюджета председателем избран-Исмагулов, в третий -по вопросам бытового обслуживания население председателем избран-Батырова, четверты по вопросам народного образования председателем избран-Губайдуллина и в пятый по вопросам торговли председателем избран-Сизов А.В.

В 1968 году доходны и расходны часть бюджета сельского Совета составляло-14270 рублей. По статистическому сведению на 1-ое января 1968 года по сельскому Совету количество дворов составляло-453в них наличное численность сельского население-2030 человек.

Подведомственными учреждениями сельского Совета являлся: Курманский, Тасхугорский, Теренкудукский и Каройские начальные школы сельские библиотеки и сельские клубы.

На основании закона Президента Республики Казахстан от 9-го декабря 1993 года О досрочном прекращении полномочий местным Советов

народных депутатов республики Казахстан и согласно решению семнадцатой сессии районного Совета народных депутатов от 10-го декабря 1993 года как все сельские Советы района так и Талдыкудукский сельский Совет народных депутатов приостановили свою деятельность.

В 1967-1981 годах к документам сельского Совета было проведено упорядочение архивных документов за период 1942-1979 год. За эти годы на рассмотрении ЭИМК болгосархива представлены по описи № I-221 ед. постоянного хранения, по описи № I^Д-247 ед. хранения по личному составу и выделены к уничтожению-267 дел как не имеющие научно-исторической ценности и утратившие практическое значение.

Наиболее типичными документами Совета являются: протоколы сессии, заседания, протоколы выбора, протоколы общих собрания граждан, статистические отчеты о составе и количестве сельского населения и об учете скота и годовые бухгалтерские отчеты.

Документы сданы на государственное хранение по первой описи с 1942 года по 1979 год.

Директор филиала



Ж. Дуйсеков

Батыс-Қазақстан облыстық мемлекеттік
мұрағатының Жалпақтал филиалы.

Жалпақтал ауылы.

Талдықұдық ауылдық округі.

Талдықұдық ауылы.

Т а р и х и а н ы қ т а м а

Жалпақтал аймақтық орталық округіне қарасты Талдықұдық ауылдық округі, Қазақстан Республикасы Президентінің халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитетінің өкілеттіктерін мерізімінен бұрын тоқтату жөніндегі 1993 жылғы желтоқсан айының 9-ы күнгі жарлығына сәйкесті және Батыс-Қазақстан облысы әкімінің ауылдық жерлерде ауылдық округтерін құру жөніндегі сәуір айының 4-і күнгі нр 53-ші қаулысына сәйкесті, таратылған халық депутаттары, селолық Советі атқару комитетінің негізінде құралған.

Жаңадан құралған Талдықұдық ауылдық округінің әкімі болып Жалпақтал аудан әкімінің 1994 жылғы сәуір айының 9-ы күнгі нр 1 - 2 шешіміне сәйкесті Ж.Файзуллин тағайындалды. Ал 2001 жылдың қыркүйек айының 17-і күнгі Қазталов ауданы әкімінің нр 1-69 шешімімен Талдықұдық ауылдық округінің әкімдігіне Ж.Искаков тағайындалды.

Ауылдық округінің атқарарын негізгі міндеттері :

- Қандай да мазмұнда болмасын келіп тускен мәліметтерді тіркеу.
- Қызмет бабындағы тиісі ті мәліметтерді жоғарғы органдарға жөнелту.
- Алқа мәжілісі құжаттарын дайындау.
- Округ тұрғындарының арыз-шағымдары мен хаттарын есепке алу, орындалуын бақылау.
- Жергілікті жердегі қоғамдық орындардың қызметі жоспарлы жүруін қадағалау және оларға басшылық жасау.

Ауыл округі әкімінің шығарған қаулысы мен қабылдаған әкімі, шешімдері, округ тұрғындарының құрамы мен отбасы жанұядағы адам сандары жөніндегі статистикалық есептері, жылдық округ бюджетінің кірісі мен шығысы жөніндегі есептері, ауылдық округтің іс жүргізу барысындағы негізгі құнды құжаттары болып табылады.

Тарихи анықтаманы құрастыруға негізінен Талдықұдық ауылдық округінің құжаттары мен Қазталов ауданы әкімшілігінің құжаттары пайдаланылды./қор нр 6 тізімдеме нр 1, I"ж", нр 2 бума 47 /

Талдықұдық ауылдық округінің 1991-2000 жылдар аралығындағы құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдап,ғылыми техникалық өңдеуден өткізгеннен кейін,төмендегі тізімдемелер жасақталды.

Тұрақты сақталатын құжаттардың нр I тізімдемесіне 6 /алты/ іс енгізілді.Олар ауылдық округінің бухгалтерлік,статистикалық есептері,округ әкімшілігінің шығыс кітапшасы.

Жеке құрам жөніндегі істердің нр I"ж" тізімдемесіне /жалғасы/ 1992-1996 жылдар аралығындағы 6 /алты/ іс енгізілді. Олар жеке құрам жөніндегі бұйрықтар, қызметкерлердің еңбек ақы есептеу және төлеу ведімістері,сондай-ақ тұрақты сақтаудағы істердің нр 2 тізімдемесі бойынша 1991-2000 жылдар аралығындағы 40 /қырық/ іс енгізілді.

Тұрақты сақтауға жататын бірақ жоқ болған құжаттарға акт жасалды. Тарихи құндылығы жоқ, сақтау мерізімі өткен 58 /елу сегіз / істер көлеміндегі құжаттар жою үшін іріктеп алынып, акт жасалды.

Мемлекеттік сақтауға тапсырылған құжаттардың физикалық жағдайы қанағаттанарлық.

Құжаттар қазақ тілінде жазылған.

Жалпақтал филиалының
директоры:



Б.Бекешов.

Батыс-Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының

Жалпақтал филиалы.

Казталов ауданы
Талдықұдық ауылдық
округі

Талды-құдық ауылы.

Т а р и х и а н ы қ т а м а

15 маусым 2005 жыл.

Талдықұдық ауылдық округі 1968 жылға дейін Таскүтір ауылдық кеңесі деп аталып келген .

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1968 жылғы 13-ші мамыры күнгі № 890-07 жарлығына және осы жылдың 20-шы мамыры күнгі № 109-шы Еңбекшілер депутаттары аудандық Кеңесі атқару комитетінің шешімімен Талдықұдық ауылдық кеңесі болып аталған.

Негізі қор –2, Т-1, 471-ші іс, 119-шы бет

Талдықұдық ауылдық округі Қазақстан Республикасы Президиумының халық депутаттары жергілікті Кеңесі атқару көмитетінің өкілеттіктерін мерізімінен бұрын тоқтату жөніндегі 1993 жылғы желтоқсан айының 9-ы күнгі жарлығына сәйкесті және Батыс-Қазақстан облысы әкімінің ауылдық жерлерде ауылдық округтерін құру жөніндегі сәуір айының 4-і күнгі № 53-ші қаулысына сәйкесті, таратылған халық депутаттары жергілікті Кеңесі атқару комитетінің негізінде құрылған.

Ауылдық округінің атқаратын негізгі міндеттері :

- Қызмет бабандағы тиісті мәліметтерді өзінен жоғары органдарға жіберу.
- Алқа мәжілісінің құжаттарын дайындау.
- Округ тұрғындарымен сход жиналыстарын оздыру.
- Арыз шағымдармен хаттарға дер кезінде жауап қайтару.
- Жеке тұрғындардың адам мен мал сандары жөнінде статистикалық есептер жүргізу.
- Жергілікті жердегі мемлекеттік органдарда қызмет жасайтын кәсіби мамандармен жұмысты ұйымдастыру.
- Округ бюджетінің кірісі мен шығысы жөніндегі жылдық есептерін бақылау.

Талдықұдық ауылдық округінің құжаттары мемлекеттік сақтауға негізінен 1940-2000 жылдар аралығына тапсырылған.

Осы жылдың сәуір мамыр айларының аралығында Талдықұдық ауылдық округінің 1940-2000 жылдар аралығындағы құжаттарына ғылыми-техникалық өңдеу жүргізіліп нәтижесінде.

420 ескі мұқабалар ауыстырылып, 250 мұқаба желімделді, 400 мұқаба рәсімделді, 375-іс қайта қалпіне келтіріліп, түптеп тігілді, 2220 парақ қайта

нөмірленді. 600 іс маңызына және мерізіміне қарай жүйеленді. 53 бума қайта қалпіне келтірілді. 30 бумаға жаңадан жапсырма жаңартылды.

Бұл қорды ғылыми-техникалық өңдеуден өтізу кезінде 41 іс өзінің тарихи құндылығын жойғандықтан жоюға бөлініп алынып акт түзелді.

2- іс басқа істермен біріктірілді. 13-іс ажыратылды.

Қорды ғылыми-техникалық өңдеуден өтізгеннен кейін

Тұрақты сақталатын істердің № 1-ші тізімдемесіне 1947- 1995 жылдар аралығындағы 212 (екі жүз он екі) іс енгізілді.

Жеке құрам жөніндегі істердің № 1 “ж” тізімдемесіне 1942-1997 жылдар аралығындағы 53 (елу үш) іс енгізілді.

Тұрақты сақталатын істердің № 2-ші тізімдемесі бойынша 1940-2000 жылдар аралығындағы 335 (үш жүз отыз бес) іс енгізілді.

Тұрақты сақталатын істердің № 1-ші тізімдемесіне еруге тиісті 1992-1994 және 1996-1997 жылдардың құжаттары мемлекеттік сақтауға тапсырылмағандықтан жаңа тізімдемеге енбей отыр.

Барлығы үш тізімдеме бойынша 600 іске тиісті актілер, тарихи анықтама, қор карточкалары, құндылығын жойған істерді жою актілері толтырылды.

Құжаттары мемлекеттік сақтауда тұрған №6-шы қордағы құжаттардың физикалық жағдайы қанағаттанарлық.

Тізімдемедегі құжаттардың басым көпшілігі мемлекеттік тілде жазылған.

Жалпақтал филиалының
директоры :



Б.Бекешев.

Батыс-Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатының

Жалпақтал филиалы.

Казталов ауданы
Талдықұдық ауылдық
округі

Талдықұдық ауылы.

Т а р и х и а н ы қ т а м а

10.03.09.

Талдықұдық ауылдық округі аппаратының 2001-2005 жылдар аралығындағы құжаттарын мемлекеттік сақтауға қабылдап, тұрақты сақталатын істердің №3 тізімдемесіне 2001-2005 жылдар аралығындағы 25 (жиырма бес) іс, жеке құрам жөніндегі істердің № 3 “ж” тізімдемесіне 5 (бес) іс, тұрақты сақталатын істердің № 4 тізімдемесі бойынша 22 (жиырма екі) іс шаруашылық кітаптары және 2005-ші жылдың 30-шы маусым күнгі ғылыми-техникалық өңдеуден өткен № 1 “ж” тізімдемесіне бір бұйрық кітабы басталуы 03.01.91 аяқталуы 30.09.92 жылғы енгізіліп отыр.Сонда бұл қорға барлығы төрт тізімдеме бойынша 53 (елу үш) іс енгізіліп отыр. Мемлекеттік сақтауға қабылданған құжаттар бойынша тұрақты сақтауға жататын,бірақ тізімдеме жасау кезінде жоқ істерге жетіспеу актісі жасалды. Сақтауға жатпайтын,тарихи құндылығы жоқ іс жүзінде маңызын жойған 15 (он бес) іске жою актісі толтырылып, ауылдық округінің сараптау комиссиясы хаттама жазған. .

Құжаттарды мемлекеттік сақтауға тапсырар кезде осы ауылдық округінің мамандары істерді түптеп тігу,мұқабаларды айырбастау,,тізімдемелер құрастұруға қатысып,жою актілерін толтыру,сараптау комиссияларының хаттамаларын жазуды үйренді .

Мемлекеттік сақтауға тапсырылған құжаттардың физикалық жағдайы қанағаттанарлық.

Жалпақтал филиалының
директоры:



Б.Бекешев.

Тарихи анықтама

(жалғасы)

Талдықұдық ауылдық округінің 1940-2005 жылдардың құжаттары мемлекеттік сақтауда № 6 қорда сақталуда.

Талдықұдық ауылдық округінің 2006-2010 жылдарда атауы өзгерген жоқ.

Аудан әкімшілігінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы № 210 қаулысымен ауылдық округтерде бухгалтерия ашылған.

«Талдықұдық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі тиісті аумақта мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асырытын ҚР-ның мемлекеттік орган болып табылады. «Талдықұдық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі өз қызметін ҚР-ның Конституциясына және Заңдарына, ҚР Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Ережеге сәйкес жүзеге асырады. «Талдықұдық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы Заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ ҚР-ның заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

«Талдықұдық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың арапы болуға құқығы бар және ҚР-ның заңнамасына көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

«Талдықұдық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттерінен жүзеге асырылады. «Талдықұдық ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің миссиясы:

Тиісті әкімшілік аумақта мемлекеттік саясаты жүргізуде бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдары мен мекемелерінің үйлесімді қызмет істеуін ұйымдастырып, аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын жүзеге асыру, ҚР-ның заңнамаларына сәйкес жергілікті жерде мемлекеттік басқару өкілеттігі шегінде тұрғындардың құқықтары мен заңды мүддерін қамтамасыз ету.

Мекеменің атқаратын қызметінің негізгі міндеттері:

1) Қазақстанның мемлекеттігін нығайту жөніндегі Президенттің саясатын дәйектілікпен жүзеге асыру, экономикалық реформаны іске асыру, оны жүзеге асырудың тактикасы мен тетіктерін айқындау, ауылдық округтің халық шаруашылығы кешенінің болашақтағы дамуы мен жағдайына әлеуметтік-мәдени саласына, сыртқы экономикалық байланысқа талдау жасау, тиісті болжамдар әзірлеу, маңызды проблемаларды анықтау және оны шешу жөніндегі ұсыныстар әзірлеу:

2) ҚР-ның заңдарының, ҚР-сы Президенті мен үкіметі актілерінің, облыс және аудан әкімдерінің шешімдері мен өкімдерінің, аудан әкімдігінің қаулыларының орындалуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету, олардың басқа мекемелер мен жергілікті органдардың орындауына көмек көрсету:

Габит

3) Қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ қоғамдық процесстердің демократияландыруын және қоғамның бірігуін нығайту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және жүзеге асыруға қатысу:

Мекеме жүктелген міндеттерді жүзеге асыру шеңберінде келесі функцияларды іске асырады:

1) Мемлекеттік мекеме жұмыс кестесінің сақталуын қамтамасыз ету;

2) Заңдылық пен құқық тәртібін сақтауды, халықты әлеуметтік және ұқықтық жағынан қорғаудың тиімді тетіктерін әзірлеуді қамтамасыз ету:

3) Әкім аппараты әкімшісі болып табылатын бюджеттік бағдармаларды аудандық мәслихаттың бекіту үшін аудан әкімдігіне әзірлеу және енгізу:

4) Меншікті барлық нысандарынғы кәсіпорындардан мекемелер мен ұйымдардан ауылдық округ әкімнің шешімдері мен өкімдерін сапалы әзірлеу үшін аппараттарды, әлеуметтік-экономикалық саясатты қалыптастыратын бағдарламалар жобасы, тапсырмалар мен болжамдарды дер кезінде алу, мұндай құжаттарды әзірлеуге және сараптауға қатысу:

Аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың атқарылуын қамтамасыз ету, коммуналдық меншікті басқару, жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де мәселелерді жүзеге асыру, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік қатысатын жүргізуді қамтамасыз ету болып табылды.

5) ай сайын 1-ОЛ статистикалық есебін тиісті органға тапсырып тұру:

2006 жылы ауылдық округі әкімі қызметін Е.Асқаров атқарды. Округтің жалпы аумағы 188 268 га. Соның ішінен Талдықұдық- 41350 га, Құрман –46900 га, Таскүтір –48288 га, Хайруш –51730 га. Округте елді мекендер саны 4 болды. Округ аумағында 1 ашық су қоймасы және 5 көбік Киров-Шежін каналы арқылы толтырылған су қоймасы бар. Округ аумағында 1 орта, 1 негізгі, 2 бастауыш мектептері, 1 күндізгі емдеу мекемесі, 3 фельдшерлік пункттер, 1 мәдениет үйі, 1 ауылдық клуб, 4 кітапхана бар. Аумаққа қызмет етті. Округ аппаратында 3 жетекші маман, 1 автокөлік жүргізуші, 1 күзетші, 1 еден жуушы, 1 статист маман, 1 атаулы әлеуметтік көмек жөніндегі статист маман және учаскелік инспектор жұмыс істеді. 24 отбасына атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды, ақылы қоғамдық жұмысқа – 78 жұмыссыз жұмыс іртылды.

Округтегі тұрғындар саны 1242 адам. Зейнеткерлер саны-105. Оқушылар саны -252. Мұғалімдер саны – 63. Шаруа қожалықтарының саны –10. Мал шаруашылығында ірі қара малдары 2551 бас, қой-ешкі 2671 бас, жылқы 115 бас, сиыр 5 бас, құс 1797 бас. Жеке кәсіпкерлер Гүлбаршын Жанталиева, Ишпанова Жанна, Баян Ғұбайдуллин т.б. сауда саттықпен айналысып халықтың мұң-қажытын Орал қаласынан жеткізіп отырды. Телефон жүйесі орнатылып 80 нүкте аумаққа қызмет көрсетті.

2007 жылы ауылдық округі әкімі қызметін Е.Асқаров, округ аумағындағы әлеуметтік нысандар халыққа қызмет атқарды. Округ аппаратында 3 жетекші маман, 1 автокөлік жүргізуші, 3 күзетші, 1 еден жуушы, 1 жастар ісі жөніндегі нұсқаушы, 1 статист маман, 1 атаулы әлеуметтік көмек жөніндегі статист маман және учаскелік инспектор жұмыс істеді. Сонымен қатар Талдықұдық аумағында кино қондырғы жүйесі тұрақты қызмет атқарды. Таскүтір елді мекеніндегі бастауыш мектеп және кітапхана жабылып, кітап қорлары Талдықұдық аумағындағы кітапханаға толықтырылды. Бұрынғы совхоз кезіндегі кеңсенің артысы күрделі жөндеуден өткізіліп күндізгі емдеу мекемесіне пайдалануға

берілді. С.Есетов атындағы орта жалпы білім беретін мектептің жылу жүйесі жөнделуден өтіп, сұйық отынмен жағылатын болды. Мектеп директоры болып Қатешов Нұрболат Мерғарапұлы қызмет атқарды. Округтегі тұрғындар саны 1235 адам. Зейнеткерлер – 102. 27 отбасы атаулы әлеуметтік көмек, 19 отбасына тұрғын үй жәрдемақысы төленіп, 60 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылды. Мал шаруашылығында ірі қара малдары 2527 бас, қой-ешкі 2690 бас, жылқы 121 бас, түйе 5 бас, құс 1765 бас. Ауылымызда тұрғындарды имандылыққа бет бұру бағытында ауыл жастарының күшімен мешіт салынды. Оны салуға Орал қаласында тұратын, бұрынғы Талдықұдық ауылының тұрғыны Көшенев Өтеген, Жалпақтал ауылының тұрғыны Ихсанов Дулат демеушілік көрсетті. Ірі қара малды қолдан ұрықтандыру орыны қолданысқа берілді.

2008 жылы ауылдық округі әкімі қызметін Е.Асқаров, маусым айынан бастап Б.Қабдолұлы атқарды. Округ аумағындағы әлеуметтік нысандар халыққа қызмет атқарды. Округ аппаратында 1 бас маман, 2 жетекші маман, 1 автокөлік жүргізуші, 3 күзетші, 1 еден жуушы, 1 статист маман және учаскелік инспектор жұмыс істеді. Сонымен қатар Талдықұдық ауылындағы Мәдениет үйі 10 млн теңгеге күрделі жөнделуден өтіп, жылу жүйесі іске қосылды. 3 адам оператор қызметіне жұмысқа алынды. Құрман елді мекеніндегі бастауыш мектеп оқушылардың азауына байланысты жабылды. Округтегі тұрғындар саны 1141 адам. 22 сәби дүниеге келген. Оқушы саны 186, мұғалім – 47, 29 отбасы атаулы әлеуметтік көмек, 21 отбасына тұрғын үй жәрдемақысы төленіп, 51 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылды. Мал шаруашылығында ірі қара малдары 2307 бас, қой-ешкі 2805 бас, жылқы 150 бас, түйе 5 бас, құс 1173 бас. 150 бас аналық мал қолдан ұрықтандырылды. Жеке кәсіпкерлер саны көбейді. Гулмира Бекқалиева мен Сариев Жанболат сауда саттықпен айналысты.

2009 жылы ауылдық округі әкімі қызметін Б.Қабдолұлы, округ аумағындағы әлеуметтік нысандар халыққа қызмет атқарды. Бұрынғы совхоз кезіндегі кеңсе күрделі жөнделуден өткізіліп, 6 шілде Астана күні мерекесінде округ әкімі аппаратына пайдалануға берілді. Жылу жүйесі қатты отынмен жағатын қазандыққа ауыстырылып, 3 от жағушы жұмысқа алынды. Округтегі тұрғындар саны 970 адам, отбасы саны – 232, зейнеткерлер саны – 83.

30 отбасы атаулы әлеуметтік көмек, 167 балаға 18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақысы, 23 отбасына тұрғын үй жәрдемақысы төленіп, 51 адам ақылы қоғамдық жұмысқа тартылды. Мал шаруашылығында ірі қара малдары 2263 бас, қой-ешкі 3145 бас, жылқы 151 бас, түйе 3 бас, құс 1238 бас. Округ орталығынан “Ақгүлім” дүкені ашылды. “Алпамыс” шаруа қожалығы 1 млн теңгеге трактор сатып алды.

2010 жылы ауылдық округі әкімі қызметін Б.Қабдолұлы, желтоқсан айынан бастап А.Казиханов атқарды. Округ аумағындағы әлеуметтік нысандар халыққа қызмет атқарды. Округ аппаратына қосымша бір маман берді, жетекші маман-малдәрігері. Бұл маманның міндетіне ауыл шаруашылығы малдарының санитарлық жағдайын тексеру, емдеу, бірдейлендіру, ақпараттық базаға енгізу жұмыстары кіреді. Аудандық ветеринария бөлімінен округке 2 маман, жетекші маман – малдәрігеріне көмекке берілді. Хайруш негізгі мектебінде шағын орталық ашылып, 400 000 теңгеге мүлік алынды. С.Есетов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің директоры болып Ихласова Арухан Әубәкірқызы тағайындалды. Округтегі тұрғындар саны 940 адам. Отбасы саны - 234. Зейнеткерлер саны-77. Оқушылар саны – 176. 22 көп балалы аналар “Алтын алқа”, “Күміс алқа”

наградаларына ұсынылды. 37 отбасы АӘК, 70 отбасына 18 жасқа дейінгі балалар кәрдемақысы, 15 отбасына тұрғын үй жәрдемақысы төленді. Ақылы қоғамдық құмысқа 51 жұмыссыз тартылды. Мәдениет үйіне 400 000 теңгеге музыкалық құрал берілді. Құрман елді мекеніндегі кітапхана, фельдшерлік пункт елді мекендегі тұрғындардың азаюына байланысты жабылды Мал шаруашылығында ірі қара малдары 2273 бас, қой-ешкі 4195 бас, жылқы 160 бас, түйе 2 бас, құс 1401 бас. Соның ішінде шаруа қожалықтарындағы мал саны: ірі қара малдары 439 бас, қой-ешкі 765 бас, жылқы 48 бас, түйе 1 бас, құс 119 бас. Шаруа қожалықтарының саны 14-ке жетті, оның ішінде жұмыс жасап тұрғаны – 12. Округ бойынша техника саны: трактор- 27, жеңіл автокөлік –60.

Талдықұдық ауылдық округі 2006-2010 жылдары аралығындағы құжаттары № 6 қорға тұрақты сақтауға мемлекеттік мұрағатқа қабылданды.

Қабылданған құжаттарды тарихи және ғылыми мазмұндылығына қарай өңдеп, сараптап бөлгенде құрамы төмендегіше болды.

Тізімдемедегі істердің индекстері 2009 жылы бекітілген істер номенклатурасымен салынды.

Тұрақты сақталатын істер бойынша №3 тізімдемеге 2006-2010 жылдар аралығындағы 58 (елу сегіз) іс енгізілді.

Олар: Округ әкімінің шешімдері, ауылдық округ әкімінің өкімдері, ауыл тұрғындарының жалпы жиналыстарының хаттамалары, жылдық жұмыс жоспары, қосалқы шаруашылықтағы малдардың саны жөніндегі жылдық статистикалық есептер (№24-нысан), көп балалы аналарды мемлекеттік наградалармен марапаттау жөніндегі құжаттар (ұсыныстар, анкеталар), ауылдық округі әкімінің шешімдерін тіркеу журналы, ауылдық округі әкімінің өкімдерін тіркеу журналы, штат кестесі, жылдық бухгалтерлік есеп.

Жеке құрам жөніндегі істердің №3-ж тізімдемесіне 2006-2010 жылдар аралығындағы 28 (жиырма сегіз) іс енгізіліп отыр.

Олар: Ауылдық округ әкімінің жеке құрам жөніндегі бұйрықтар, мемлекеттік қызмет өтілін анықтау жөніндегі комиссия мәжілісінің хаттамасы, жұмыстан босатылған қызметкерлердің еңбек шарттары, қызметкерлердің еңбек ақы есептеу ведомостары, міндетті зейнетақы жинақтау қорларына қаржы аудару жөніндегі құжаттар (тізімдер, төлем тапсырмалары), әлеуметтік төлемдерді аудару жөніндегі құжаттар (тізімдер, төлем тапсырмалары).

2009-2010 жылдары ауылдық округ әкімінің жеке құрам жөніндегі бұйрықтары жазылмаған.

Тұрақты сақтауға жататын № 4 тізімдемеге 2006-2010 жылдар аралығындағы 16 (он алты) іс енгізілді.

Олар: Шаруашылықтардың әліпбилік кітабы, шаруашылық кітап (шаруа қожалықтары), шаруашылық кітаптар.

№2 "ж" тізімдемесі 2007,2009,2010 жылдар бойынша жұмыстан шыққан қызметкерлердің жеке істері 3 (үш) іс енгізілді.

Олар: бас маман Шалақашев Бақытжан Амангельдиевич, жетекші маман-бухгалтер Жолдығалиева Алмагүл Хасеновна, жетекші маман Сиражев Ерген Есенович

№ 2 уақытша сақталатын істердің (10 жылдан жоғары) тізімдемесі ұсынылмаған, себебі 10 жылдан жоғары құжаттар жоқ.

Ғылыми техникалық өңдеу кезінде жетіспеген және оларды табу көздері анықталмаған істерге акт жасалынды.

Ғылыми-тарихи құндылығы жоқ және практикалық маңызын жойған құжаттар ретінде жоюға іріктелініп № 6 қордан шығарылған 33 (отыз үш) іске акт жасалынды.

Қорға қабылданған құжаттардың бәріде қазақ тілінде баяндалған.

Жалпақтал филиалының директоры *Т. Елекешев* Т. Елекешев.

